

*Өлке тану бағыты бойынша жүргізілетін жұмыс әрқашанда кітапхана саласының насихат жұмыстарының бірі болып қала береді.*

*Өткеніміз бен бүгінгіміз, салттымыз бен дәстүріміз – бәрі де «Есіл. Бүгін. Сегодня» атты альбом – кітапта өз көрінісін тапқан.*

*Бұл кітаптың жарыққа келуіне септігін тигізген «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ – сінің ықпалы еді.*

*Кітап – альбом Есіл қаласының 45 жылдық мерейтойына арналды.*



*Краеведение всегда было и остается одним из приоритетных направлений деятельности библиотеки. Прошлое и настоящее края, опыт предшествовавших поколений, их традиции, быт, обычаи - все это нашло отражение в книге - альбоме «Есіл. Бүгін. Сегоднѧ.», которая издана по инициативе ГУ «Централизованная библиотечная система» отдела культуры и развития языков Есильского района. Книга – альбом посвящена 45 – летию города Есиль.*





## Есіл ауданының тарихы

Есіл ауданы облыстың солтүстік-батысында орналасқан Ақмола облысының Жақсы, Жарқайың аудандарымен, Қостанай облысының Октябрь ауданы және Солтүстік Қазақстан облысының Чистополье аудандарымен шекаралас. Облыс орталығы Көкшетау қаласынан 350 км қашықтықта, мемлекет астанасы Астана қаласынан 405 км. Аудан арқылы Астана—Есіл-Қараталды, Есіл-Арқалық темір жолдары сонымен бірге Семизор-Есіл-Жақсы, Есіл-Чистополье, Есіл-Жарқайың және т.б. жатқан орманды жазық. Батысында Орал тауына, оңтүстігінде Торғай үстірті мен Ауданның көлемі 8 мың кв.км. Есіл даласы Ертіс және Тобыл өзендерінің аралығында Көкшетау қыратына дейін созылып жатыр. Оңтүстік бөлігі Солтүстік Қазақстан облысы жерін қамтиды. Климаты тым континенттік: қаңтарда ауаның орташа температурасы –16 –18 градус, шілдеде +22градус. Аудан жерінен Есіл өзені ағып өтеді, оған сол жағынан Қаракөл оң жағында Қызыл су салаларына құяды. Жануарлардан қасқыр, түлкі, қарсақ, суыр, сарышұнақ, қосаяқ, т.б. мекендейді.

Тұрғындардың орташа есебі 2006жылдың 1-ші қаңтарына дейін 30856 адамды құрады., соның ішінде қаланікі 11893 адамды құраса, ауылдық жерде 19963;

ерлер саны -15154, әйелдер саны-15702-ні құрайды. Аудан көлемінде 36 ұлттан құралатын халық бар, соның ішінде қазақтар - 25,9%, орыстар-38,9%, украиндар-15,5%, немістер-5,4%, белорустар-4,1%, татарлар-3,2%, башқұрттар-1,3% т.б.

1936жылы маусымның 29-да Солтүстік Қазақстан құрылғаннан кейін облыс орталығы Петропавл қаласы болды.Қарағанды облысының облыс орталығы Қарағанды қаласына ауыстырылды. Есіл ауданы Солтүстік Қазақстан облысының құрамына кірді.

1931жылы ауданда 3 совхоз №296-шы Терсақан ет совхоз, №297 Есіл ет совхозы және №7 Шолақсандық қой шаруашылығымен айналысты.

1939жылдың 14қазанындағы СССР-дің Жоғарғы Советі Президиумының Қаулысы бойынша Есіл ауданы Ақмола облысы болып қайта құрамға кірді.

1955 жылдың қазан айының 3-нен бастап облыстық депутаттар еңбекшілер Кеңесінің шешіміне сәйкес Есіл ауданының орталығы елді мекен Есіл станциясы болып ауыстырылды.

1970жылдың 23қарашасынан бастап Қазақ ССР-нің Жоғарғы Президиумының Кеңесінің Қаулысы бойынша Торғай облысы болып

# Есіл. Бүгін. Сегодня